ҰЙҒАРЫМ

2025 жылғы 10 сәуір Астана қаласы

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К. Нұрланов, талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» ММ жауапкер «RUHANI BAILYGY» ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Соттың 2025 жылғы 24 ақпандағы шешімімен талап арыз қанағаттандырылды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 235-бабы 2-тармағына сәйкес, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Шешімнің бүкіл мәтінінде жауапкердің аты-жөнінің дұрыс жазылуында қате жіберілген, ол түзетілуге тиіс.

ҚР АПК 268,269 баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ҰЙҒАРДЫ:

талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» ММ жауапкер «RUHANI BAILYGY» ЖШС қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы сот шешімінің бүкіл мәтінінде:

««RUHANI BAILYG» ЖШС» - орнына,

- ««RUHANI BAILYGY» ЖШС»- деп көрсетілсін.

Қазақстан Республикасының АПК-нің талаптарын сақтай отырып Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына ұйғарым түпкілікті нысанда жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұйғарымға тараптармен жеке шағым берілуі немесе прокурормен өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Нурланов Б.К.

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 10.04.2025

7119-25-3-1/968